Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
№17 хаттамасы

Қордай ауылы **19.11.2026 жыл**
ӘDILET» партиясы филиалының мәжіліс залы **сағат 10:00**

Қатысқандар: - аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 8 адам.
Қатыспағандар: - К.Агибаева, *(себепті, денсаулығына байланысты),* Т.Апаева *(себепті, іссапарда),* М.Аманбаева *(себепті,іс-сапарда)*.
Төрағалық етуші: Н.Молдабеков

Шақырылғандар:1.Қордай аудандық ауруxана басшысы-Черных Иван Викторович
2.Қордай ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы- Елеусізова Аксана Бейбітқызы;
3.Мансап орталығының директоры- Көпешов Саламат Берікбайұлы
4.Қордай ауылдық округ әкімі - Қаспақбаев Әділет Меделбекұлы;
5. БАҚ өкілдері.

1. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруда аудандық орталық ауруxана, аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, Қордай аудандық мансап орталығы бойынша атқарқарылып жатқан жұмыстары туралы;
2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына сәйкес 2026 жылы Қордай ауылдық округінің атқарылған жұмыстары туралы және округ әкімдігімен көрсетілген мемлекеттік қызметтері туралы.

Н.Молдабеков:
Күн тәртібі жөнінде кімде қандай ұсыныс бар?
Ұсыныс – Бекітілсін.
Күн тәртібі бекітілді және отырыс ашық деп жариялансын.
Баяндамашыға 5-7 минуттан уақыт белгілейік
Сөз сөйлеушілерге - 3 минуттан уақыт белгілейік, келісесіздерме?
Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ. Онда ұсынысты дауысқа коямын.
Қарсы? – жоқ. Қалыс? – жоқ.

Н.Молдабеков: Күн тәртібіндегі бірінші мәселесі бойынша – «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия» мүшесі – Орақбай Жаңабай Тарғынұлы. Баяндама тіркелінді.

Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? – Жоқ.

Осы мәселе бойынша Қордай аудандық ауруxана басшысының орынбасары – Черных Иван Викторович, Қордай ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы- Елеусізова Аксана Бейбітқызы; Мансап орталығының директоры - Көпешов Саламат Берікұлы сұрақтарға жауап береді.

Мекеме басшылары А.Елеусізова, С. Көпешов және аудандық ауруxана басшысының орынбасары Черных И.В. баяндамада көрсетілген мәселелерге нақты жауап берілді. Ақпарат, анықтамалары тіркелді.

Н.Молдабеков: Сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ.

Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы-? Қалыс? –жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1.Қоғамдық кеңестің қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясының мүшесі Ж. Орақбайдың анықтамасы назарға алынсын.

1. Қордай аудандық Мансап орталығына, аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне және аудандық орталық ауруханаға:
   - МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған азаматтардың әлеуметтік санаттары мен сақтандырылмау себептерін анықтау;
   - ресми жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту және заңнамада көзделген мемлекеттік қолдау тетіктерімен қамту жұмыстарын күшейту;
   - жұмыс берушілермен, жеке кәсіпкерлермен және тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
   - жұмыскерлер үшін МӘМС жарналарының уақытылы әрі толық аударылуын бақылау бойынша тиісті шаралар қабылдау ұсынылсын.
   - аудандағы жұмыс істемейтін халықты міндетті медициналық сақтандыру бойынша тиісті мекемелермен және ауылдық округ әкімдерімен тиісті жұмыстар жүргізу;
2. Аудандық орталық ауруханаға МӘМС шеңберінде медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды күшейту ұсынылсын.
3. Қабылданған шаралар туралы ақпаратты Қордай аудандық Қоғамдық кеңесіне ағымдағы жылдың желтоқсан айының 31- не дейін жолдансын.

4.Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрағасы Б.Жаманғозов).

Н.Молдабеков:

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша – «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссиясы» төрайымы - **Алматаева Айнура Тұрлыбекқызына** баяндайды.Баяндама тіркелінді.

Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? – Жоқ.

Осы мәселе бойынша **Қордай ауылдық округ әкімі - Қаспақбаев Әділет Меделбекұлы** сұрақтарға жауап береді.

Қаспақбаев Ә: Баяндамада көрсетілген кемшіліктер қабылданды. Кемшіліктер бойынша жұмыстар атқарылатын болады, деп ,- нақты жауап берді.

Алматаева А: Зерделеу кезінде практикалық көмек көрсетілді. Былтырғыдан қарағанда, ауыл округінде жұмыстар өз деңгейіне көтіле бастаған.

Н.Молдабеков: Былтырғы тамыз айында аудандық қоғамдық кеңесінің шешіміне бүгінгі күнге дейін жауап берілмеген, жұмыс дұрыс қойылмаған, жауапкершілікті, талапты жоғары қою қажет.

Н.Молдабеков: Ауыл әкіміне қойылатын қосымша сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ.

Н.Молдабеков: Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы-? Қалыс? –Жоқ. Бекітілсін. Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия» төрайымы» **А.Алматаеваның** анықтамасы назарға алынсын;
2. Қордай ауылдық округінің әкімі **Ә.Қаспақбаевқа:**

- ауылды абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды өз дәрежесінде ұйымдастырылуы тұрақты бақылауға алынып, қатаң қадағалау тапсырылсын;
- Қордай ауыл округі әкімшілігі жанындағы жергілікті қоғамдастықтың құрамын жасақтап, қоғамдастықтың ережесін, іс-қағаздарын ретке келтіру тапсырылсын;
- Ардагерлер, әйелдер кеңестерінің жұмыстарын жандандырып, тиісті құжаттарды ретке келтіру ұсынылсын;

Көшелердің жарықтандыру жұмыстарының 100 пайыз орындалуы назарға алынсын;

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 бұйрығының талаптарын қатаң түрде орындау тапсырылсын.
- Осы шешімнің орындалуы барысы туралы ақпарат үстіміздегі жылдың желтоқсан айының 15-не дейін аудандық Қоғамдық кеңеске берілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі» комиссиясына жүктелсін (төрайымы – **А.Алматаева**).

Егер алып қосарларыңыз жоқ болса, күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Шешім жобалары талқыланып, Сіздерге көп рахмет.

Осымен Қоғамдық кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялаймын.

Қоғамдық кеңес төрағасы **Н.Молдабеков**

Қоғамдық кеңес хатшысы **Р.Имашева**